

КӨНІЛ-КҮЙІНДІ

КӨТЕРІП,

КУАНА БІЛ



УДК 159.3

ББК 88.3

К 42

КӨНІЛ-КҮЙІНДІ КӨТЕРІП, ҚУАНА БІЛ- Астана, 2015. – 28 б.

ISBN 975-601-7523-20-6

«Көніл-күйінді көтеріп, қуана біл» құралы жасөспірмдерге психикалық денсаулық туралы, өзіңің психологиялық-эмоционалдық жай-күйінді жақсартуды қалай үйренуге және стрестік жағдайларға тәзімділік танытуды дамытуға болатыны туралы ақпарат ұсынуды көздейді. Құрал психикалық денсаулықтың маңызы, өзіңе-өзің көмек көрсету туралы кеңестер, стресс пен дағдарыс, күйзеліс пен суицидтік ойлар, досыңа қалай көмек көрсету, қының жағдайлар туындаған кездерде кеңес және көмек алу үшін кімге жүгіну қажет екені туралы ақпараттарды қамтитын алты тараудан тұрады. Құралдың сонында оқырманның қай жерден көмек алуға болатыны туралы ақпаратты жазып алуына болатын бос беттер бар.

УДК 159.3

ББК 88.3

ҚР ДСӘДМ «Республикалық психиатрия, психотерапия және наркология ғылыми-тәжірибелік орталығымен» және ЮНИСЕФ-тің қолдауымен ҚР ДСӘДМ, ҚР БФМ және ҚР ІІМ бірлескен бүйріғы аясында дайындалған.

Осы басылымда қолданылатын белгілер мен материалдың баяндалуы авторлардың Қазақстандағы, қандай да бір елдегі немесе аумақтағы балалардың, оның билік органдарының немесе оның шекараларының белгілеңуінің құқықтық мәртебесіне қатысты қандай да бір пікірлерін білдірмейді. Басылымды қайталап басқан, дәйексөз алған немесе одан алынған ақпаратты өзгеше пайдаланған жағдайда басылымға сілтеме жасау міндетті.

ISBN 975-601-7523-20-6

## **МАЗМҰНЫ**

1. Психикалық денсаулық туралы ақпарат алу
2. Өз-өзіңе көмектесу бойынша кеңестер
3. Стресс және дағдарыс
4. Депрессия және суицид туралы ойлар
5. Досың қыындыққа тап болса, қалай көмектесуге болады
6. Кімнен кеңес және көмек сұрауға болады

## **1-БӨЛІМ: Психикалық денсаулық туралы ақпарат алу**

### **Психикалық денсаулық дегеніміз не?**

Психикалық денсаулық сенің күнделікті өмірде қалай ойланатыныңды, нені сезетініңді және қалай әрекет ететініңді білдіреді.

Психикалық денсаулық сенің сезімдеріңе, өміріңе және өміріңдегі басқа адамдарға әсерін тигізеді. Ол сенің стрессті қалай жеңетініңді, қалай шешім қабылдайтыныңды және басқалармен қалай қарым-қатынас құратыныңды айқындайды.

Психикалық денсаулық та, физикалық денсаулық сыңды маңызды болып табылады. Осы кітапшадан сен психикалық денсаулыққа қатысты мәлімет таба аласың. Кітапша саған бастан кешіретін сезімдеріңді ұғынуға және хал-жағдайыңды жақсы жағына қарай өзгертуге көмектеседі.

### **Өмір біздің сезімдеріміз үшін біресе әуелетіп көкке самғататын, біресе ызғыта төмен құлдилататын әткеншек тәрізді.**

Өмір әртүрлі болып келеді, ол біздің сезімдерімізді әткеншек сияқты шыр айналдырады: кейде сен әсерлі, әрі қуанышты оқиғаларды басынан өткеріп, көкке құстай ұшып бара жатқан сияқты боласың, ал кейде алаңдаушылық пен шарасыздықты сезінгенде төмен қарай құлдырайсың. Кейде бір сезімге тоқтау қыынға соғады, сонда олар тез арада мұңдаудан немесе депрессиядан (жабырқаудан) күйгелектенуге, ал реніштен немесе ашуашаңдықтан бірден ызаға айналады.

Өз сезімдеріңе және ойларыңа назар аудара білу оңай емес, ол уақыт пен күш жұмсауды қажет етеді: кейде өз сезімдеріңді түсіну немесе оларды қабылдау қыынға соғады.

**Әр адамның өмірінде неше түрлі қыындықтар болып тұрады – қандай да бір қыындық туа қалса, көмек сұрап баруға болатын орындар соңғы бетте көрсетілген.**

## **Сен жалғыз емессің**

Тіпті бар қындық, бір сенің басына жиналғандай сезінсендеге, сенің қасында отырған адамның да өз басына жетерлік қындықтары бар екеніне күмәнің болмасын. Тек мұндай сезімді басынан кешіру қалыпты жағдай екенін есінде сақта.

Кез-келген адамның басына түрлі қындықтар түсіп, стресске немесе депрессияға ұшырауы мүмкін, кейбіреулер тіпті өлім туралы да ойлауы мүмкін. Бүкіл әлемде басынан қындық өтпейтін адам жоқ. Қайта қындықтар мен күрделі міндеттер біздің өмірімізді байыта түседі.

Бірақ, болып жатқан оқиғалар кейде тым ауыр тиіп, бойынды аландашылық немесе өзге де жағымсыз сезімдер билеп алуы мүмкін. Өзінді жайсыз сезініп, дамылтаппай, мазасызданасың. Өмірдегі қын жағдайлар біздің мінез-құлқымызға әсер етеді.

Адамдар қындыққа тап болғанда түрліше әрекет етуі мүмкін – біреулер мұнаяды, біреулер ашуланады, біреулер тәбетін жоғалтады, енді біреулері, керісінше, тойғанын білмей, артық тамақ іshedі, үйқысыздыққа шалдығады немесе тым көп үйіктайды, кейбірі денсаулығын күтуден қалады немесе ашушан бола бастайды, енді біреулері ішімдік пен есірткігे әуестене бастайды. Осындаі әрбір әрекеттен кейін біз өмірімізге өз қолымызben балта шабамыз.

## **Саған біреумен сыр бөліскең көмектеседі**

Өз сезімдерің мен өзінді аландататын мәселелер туралы басқа адамдармен сөйлес. Сезімінді үнемі іште ұстасаң, қындық тек өрши түседі. Сен көмек сұрай алатын адамдар көп: досың, ата-анаң, мектептегі психолог немесе мұғалім және басқалары.

Ішімдік ішу, ашу шақыру, басқаларды кемсіту не қорлау, денсаулығына немқұрайды қарау қайғырудың, стресстің, депрессияның немесе психикалық денсаулықтағы басқа да ақаулардың белгілері болуы мүмкін.

Бұл мәселелерді ақыл-кеңес беру немесе басқа да көмек түрлерін көрсету арқылы шешуге болады.

Осы кітапша саған жағдайың нашарлағанда, стресс, дағдарыс немесе депрессия орны алғанда өз-өзіңе көмектесе алың, үшін берілген. Кітапша, сонымен қатар, саған достарың, немесе айналандағы адамдар көмекке мұқтаж болғанын байқап, түсінуіңе көмектеседі.

## 2-БӨЛІМ: ӨЗ-ӨЗІҢЕ КӨМЕКТЕСУ БОЙЫНША КЕҢЕСТЕР

Өз сезімдерімді қалай түсіне аламын?

Өзің тап болған  
қызындықтардан қашудың  
немесе оларды елемеудің  
орнына ой талқысына сал.

Ешкім сені  
өзің туралы  
жаман ойлауга  
мәжбүрлей  
алмайтынын  
есінен шығарма.

Сезім дұрыс  
немесе бұрыс  
болып бөлінбей-  
ді; кез-келген  
сезімді байып-  
ты қабылдау  
манызды.

Ойларың мен  
сезімдерінді  
сөзбен жеткізуге  
тырыс.

Кейде «жоқ» деп айта  
білу және өз-өзіңізді  
қорғай білу өз-өзіңе деген  
сенімінді және құрметінді  
арттыруға көмектесе  
алады.

### Ашууланған дұрыс па?

Иә, ашуулану – қалыпты жағдай. Ашууланып тұрғанынды теріске шығарма. Қайғыны немесе ашу-ызынды іште сақтау – зиянды, әрі қауіпті. Неге ашууланып тұрғаның туралы басқа біреумен бөлісу сабаңа түсуге көмектеседі.

Кейде ашуыңды сөз, айғай, жылау немесе үстелді жұдырықпен қойып қалу арқылы жеткізгенде бойын женілдегенін сезуге болады және тезірек сабырға келесің. Ашу-ызыдан орнымен, өзіңе де, өзгеге де зиян келтірмей шығару маңызды.

## **Мен хал-жағдайымды қалай жақсарта аламын?**

- Өзіңе мейірімді бол, көңіл бөл
- Уақытыңды өзіңе ұнайтын адамдармен бірге өткіз
- Қыындықтарды сол қалпында қабылдап, оларды шешу жолдарын табуға тырыс
- Жалпы өмірде қолыңнан келетін істерге ден қойып, сол істермен көбірек айналыс
- Қолыңнан жақсы келетін және өзінді қуантатын істермен көбірек айналыс
- Тынығу, күлкі мен қызықты істер – бойыңды босаңсыту-дың және өзінді жайлы сезінудің жақсы тәсілі
- Күн сайын сүйікті істеріңмен айналысуға міндетті түрде уақыт тап. Мысалы, өзіңе ұнайтын музыка тыңда, кітап оқы, спортпен айналыс, ойын ойна, фильм көр немесе жай ғана тынығып, демал.
- Кейбір жайттар сенің ырқына көнбейді, әрі «өмір» үнемі сені алақанына салып, аялап өтеді дегенге сенім артпаған жөн. Солай болса да, біз өз-өзімізге лайықты құрмет көрсетуді әдетке айналдыра аламыз!

Көңіл-күйің болмаған немесе  
мұңайған кездे достарыңмен,  
отбасыңмен, мұғаліммен,  
психологпен немесе өзің сенетін  
басқа біреумен сөйлес.

## **Достарыммен бірге сауық-сайран құру өзімді жақсы сезінуге көмектесе ме?**

Иә, достармен бірге уақыт өткізген қашан да жақсы, бірақ сен өзіңде де уақыт бөлуің керек. Достарыңа «жоқ» деп айтудан жасқанба, әрі достарыңмен бас қосу үшін өз қызығушылықтарыңа және қажеттіліктеріңе сай, өз уақытыңды бөле алатын істерді таңда.

Сені ішімдік ішуге немесе есірткі қолдануға итермелейтін қатарластарыңың тарапынан жасалған қысымға қарсылық таныту оңай емес, бірақ бұл өзінді қорғау үшін қажет. Нәтижесінде, бұл өзіңде деген құрметті кемітпей, керісінше арттырады.

## **Мен өзіме қалай дос таба аламын?**

Жақсы достар табу және оларды сақтап қалу қыын. Егер саған дос табу қыын болса, айналаңда саған ұқсас бір адамның бар болуы мүмкін екенін үмітпа. Қызығушылықтарыңа қарай үйірмеге қатысу, би дәрістеріне жазылу, спорттық командаға мүше болу, не болмаса қандай да бір өзге топтық жұмыспен айналысу туралы ойланып көр. Сол жерлерден өзіңде дос табуың әбден мүмкін.

Сонымен қатар, өзіңмен араласатын топқа өзің сияқты дос іздейп жүрген, жалғызсырап жүрген, өзгелер өз тобына қабылдамаған, кемсітіп немесе мазақ қылатын балаларды қабылдау туралы да ойлан.

**Егер біреу қорлық көріп жатса немесе өзі басқаларға қорлық көрсетіп жатса, не істеуім керек?**

Ешкімнің өзге біреуді қорлауға, кемсітүге құқығы жоқ.

Бұзақылар мен сотқарлардың әрекетіне мән бермеу оларды тоқтата алмайды және мінез-құлқын өзгерте алмайды; өзінді емес, өзге біреуді мазақтап жатса да, араша түс.

Мектеп/колледж әкімшілігінің араласуына түрткі бола алатын ересек адамға айт. Бұзақылар алдында кейде ересек адамдардың өзі де жүрексінетіндіктен, бір емес, бірнеше ересектен көмек сұрауға тұра келуі мүмкін.

Қорлық көрген адам көмекке мұқтаж. Егер бұзақылар сені мазақтаса, қорласа, кемсітсе, онда бұл туралы біреуге айт және шара қолданылуын талап ет.

Басқаларға қорлық көрсетуге құштар адамдардың басында да қыындықтар бар еkenін және олар да біреудің өздерін тыңдағанына және көмектескеніне зәру еkenін есінен шығарма.

## **Егер ата-анам жиі ұрыс шығаратын болса, не істеуім керек?**

Ата-ана арасында шыққан ұрыс-керістен туған қының жағдайды еңсеру үшін тәжірибе мен дағды қажет.

Олар тіпті сен үшін ұрсысып жатса да, біліп қой, ұрыс-керістің нағыз себебі сен емессің. Өзің сенім артатын адаммен жағдайды талқыла, не істеуге болатынын сұра, ақылын айтсын.

Ата-ана арасындағы ұрыс-керіс туралы кейде отбасындағы тіпті ең жақын адаммен де ой бөлісу қыныңға соғады. Ұрыс-керіске қатыспаған және өзің сенетін адамнан (әжеңнен, атаңнан, мектептегі психологтан, мұғалімнен, көршіден немесе өзге адамнан) көмек сұра. Бұл адам жай ғана сені тыңдалап-ақ немесе қажет болған жағдайда ата-анаңмен сөйлесіп-ақ, саған көмектесе алады.

Кейде жағдайға араласып, оған ықпал ету мүмкін болмайтын кездер болады, бірақ өзіңнің адам және тұлға ретіндегі маңызың мен құндылығың туралы ұмытпа. Ата-анаң бір-біріне айғайлап, жиі ұрсысса, сен бәрінен бұрын өзің және өз қажеттіліктерің туралы ойлауың қажет. Үй тапсырмасын орындау үшін өзіңе қауіпсіз, әрі тыныш орын тауып ал, спортпен айналыс, театр үйірмесіне немесе қызығушылықтарыңа қарай өзге үйірмеге жазыл.

Егер сен ата-анаңмен, отбасыңның басқа мүшелерімен, достарыңмен ұрсысып қалсаны, мәселені тезірек шешуге тырыс, ұзаққа созылып кетуіне жол берме: ұрсысып қалған адаммен сөйлес.

## **Егер оқуымда қындықтар туындараса, не істеуім керек?**

Кейде оқуға зейін қою қыныңға соғады. Көп адамдардың оқудан жалығып кететін кездері болады. Мәселені шешуді кейінге қалдырма. Негұрлым тезірек әрекет жасасаң, соғұрлым жақсы нәтижеге қол жеткізуғе мүмкіндігің бар.

Егер оқудағы үлгеріміңе қатысты қыындықтар туындаса, сыныптастыңнан, мұғалімнен, отбасыңнан немесе досыңнан көмек сұра.

Оқу үлгеріміне қатысты қыындықтарға тап болатын адамдар аз емес, бұрын сенікіне үқсас қыындықтары болған достарыңнан немесе сыйнаптастарыңнан көмек сұра.

Көмек сұрау саған жақсы жәрдем және сенің ең дұрыс әрекетің болатынын ұмытпа.

### **Егер үнемі шаршап жүретін болсам, не істеуім керек?**

Таңертен үйқыдан тынығып тұру үшін белгілі бір уақытта жатуды және жеткілікті уақыт бойы үйықтауды әдетке айналдыр (саған өзің қалаған уақыттан да ертерек жатуға тұра келуі мүмкін).

Адамдардың үйқыға мұқтаждығы және үйықтау үзақтығы әртүрлі болады (әдетте, тәулігіне шамамен 8 сағат).

Егер күнде толық 8 сағат үйықтау мүмкін болмаса, онда басқа күндері міндетті түрде ұзағырақ үйықтауға, мысалы, демалыс күндері үйқынды әбден қандыруға тырыс.

Күш жинаудың және көніл-күйді жақсартудың жақсы әдісі - күндіз аздап үйықтап алу.

Кофе, қант немесе өзге «сергіткіштер» тек аз уақытқа ғана күш береді.

Күш-қуатты үнемі дene жаттығуларын жасау, жақсы тамақтану және дұрыс үйықтау арқылы сақтап отыру әлдеқайда тиімдірек.

## **Дұрыс тамақтану қаншалықты маңызды?**

Ми жақсы жұмыс істеуі үшін дұрыс тамақтану керек.

Күніне, кем дегенде, бір рет ыстық тамақ ішу секілді тамақтандырумен байланысты жақсы әдеттер саған қуат береді, бойыңың және ойыңың өсуіне септігін тигізеді.

Арықтауға немесе бодибилдингке (бұлшық еттерді өсіріп, шынықтыруға) бағытталған диета ұстаудан аулақ бол. Егер сыртқы келбетінді жақсарту үшін диета ұстағың келсе, өзінді тамақтан шектегің келсе немесе тамаққа арналған қоспаларды қолданғың келсе, алдымен осы туралы жақсы білетін маманмен ақылдас.

Осы кітапшаның соңғы бөлімінде (6 бөлімде) көрсетілген маманның телефон нөміріне хабарласуыңа болады, мектептегі медбикеден немесе дәрігерден кеңес алуыңа болады.

## **Өзімді жақсы сезіну үшін қунделікті не істей аламын?**

Бұл істе саған физикалық белсенділік пен күн сәулесі жәрдемші бола алады. Күн сәулесі көңіл-күйді көтереді. Күні бойына дene жаттығуларын жасауға, көбірек жаяу қыдыруға немесе серпіліп, бой жазуға тырыс. Бірақ, өзіңе шамадан тыс күш түсіруге болмайтынын естен шығарма, барлығын орныңың барынша жарық болуын міндепті түрде қадағала. Компьютердің алдында үзіліссіз 45 минуттан артық отырма. Мезгіл-мезгіл орныңнан тұрып, бойыңды жазып, қарапайым дene жаттығуларын жаса.

Сабак оқу және үй тапсырмасын жасау үшін өзіңе қолайлыштың жасап алуға тырыс, оны өзіңе ұнайтын заттармен (мысалы, суреттермен және т.б.) әсемде. Ыңғайлы орындық пен үстел омыртқа саулығы үшін өте маңызды, ал егер арқаңа ыңғайлы болса, онда жалпы хал-жағдайың да, көңіл-күйің де жақсы болады.

## **Ішімдік, темекі, есірткі туралы не айтуға болады?**

Адамдар ішімдік пен есірткіні түрлі себептермен қолданады, әрі олар әркімге әрқалай әсер етеді. Ішімдік пен есірткінің аз ғана мөлшерінің өзі сенің мінез-құлқыңа әсер етуі мүмкін және өзің қаламаған теріс қылышқа жасауға итермелейі мүмкін.

Темекі тартудан, ішімдік пен есірткі пайдаланудан аулақ болу үшін бар қүшінді сал - олар физикалық және психикалық денсаулықта көрінеді. Алайда, бұл - көбінесе адамды одан да құрделі қиындықтарға жетелейтін жол.

Кей адамдарға ішімдік ішу мен есірткі қолдану, сондай-ақ, темекі тарту келенғіздіктерді ұмытудың ең зиянсыз тәсілі болып көрінеді. Алайда, бұл - көбінесе адамды одан да құрделі қиындықтарға жетелейтін жол.

Темекі тартуға адам бойы тез үйренеді, сондықтан, бұл істі тіпті бастамаған дұрыс. Есінде болсын, темекі тарту денсаулығыңа зиян, темекінің иісі адамның деміне және киіміне сіңіп қалады, темекі тартпайтын адамдар сенен жиренуі мүмкін.

Біреудің сені ішімдік ішуге немесе есірткі қолдануға көндіруі - не жол берме.

## **Өзімді жайсыз сезінгенде миыымда не болып жатады?**

Сенің көңіл-күйің мен мінез-құлқыңды миың басқарады. Ал миың ішіндік пен есірткіні, стресс пен депрессияды қоса алғанда, өзге алуан түрлі жағдайлардың әсеріне ұшырайды. Осы кітапшада келтірілген кеңестерді ұстана отырып, сен денендеңі стресс гормондарына және миыңның жұмысына ықпал ете аласың. Бірақ, кейде бұл жеткіліксіз болып, білікті маманның көмегі қажет болуы мүмкін.

Осы кітапшаның 6-шы бөлімінің соңғы бетінде осындай ма-  
мандардың телефон нөмірін, электронды поштасын және  
олармен байланысуға мүмкіндік беретін өзге де мәліметтерді  
жазып қоюға болады.

Көңіл-күйінді және хал-жағдайыңды  
жақсартуға көмектесетіндер - үйқы,  
орынды дene жаттығулары, дұрыс  
тамақтану, өз сезімдерің туралы басқа  
адамдармен әңгімелесу.

## 3-БӨЛІМ: СТРЕСС ЖӘНЕ Дағдарыс

### Бойынды стресс билей ме?

Мазасыздық пен аландаушылық туғызатынның барлығы стресс көзі болып табылады. Стресс пен дағдарыс кез-келген адамға әсер етуі мүмкін.

Төменде стресс туғызатын жағдайлардың бірнеше мысалдары көлтірілген:

Ата-ананың ажырасуы немесе олардың жұмыстарынан айырылуы, отбасы мүшесінің қайтыс болуы, уайым-қайғы, жігітімен (қызымен) қарым-қатынастың үзілі, басқа мектепке ауысу, басқа қалаға немесе елге қөшу, сыныптастарыңың (сениң ақымақ немесе әпенде санайтын) келемеждеуі, мұқатуы, кемсітіу, мектеп тапсырмаларынан бас ала алмаушылық, мұғалімдердің түсінбеушілік танытуы.

### Стресс әрқашан жағымсыз бола ма?

Стресстің екі негізгі түрі бар:

#### + Жағымды стресс

Өзің ләззат алатын немесе қуана және асыға күтетін оқиғаның өзі де стресс көзіне айналуы мүмкін. Мысалы, жаңа достармен танысу, емтихан, жігітпен (қызбен) алғашқы кездесу, байқауға қатысу, сауық кешіне бару...

#### - Жағымсыз стресс

Сен жағымсыз немесе қауіпті деп қабылдайтын жағдайлардан туындаиды. Мысалы, жіберіп алған мүмкіндіктер туралы уайымдау, өзіңнің сыртқы келбетің мен киіміңе, өзгелердің кекетіп-мұқатуына шамадан тыс аландау.

Стресстен толық қашып құтылуға болмайды, оның пайдасы да шамалы.

Белгілі бір стресс мөлшері адам ағзасына қажет, ол саған өз-өзінді дайындауға көмектеседі және әрдайым қамышылап

отырады. Алайда, аса күшті немесе ұзаққа созылған стресс денсаулыққа зиян келтіреді.

Кей адамдар басқаларға қарағанда ауыр стрессті оңай жеңіп шыға алады. Стресс көнілінді түсіріп, жанынды жабырқататынын сезсең, білікті маманның кеңесіне жүгін (б бөлімді қара).

## Стресс неден туындаиды?

Стресс туғызатын алуан түрлі жағдайлар бар, мысалы:

Жалғыздық және оқшаулық	Қызын мәселелерінді шешудің лайықты жолдарын табуға кедергі жасайтын тосқауылдар	Отбасың мен достарыңың қолдауының жеткіліксіздігі
Белгілі бір істі жасау қажеттігі, мысалы, мектепте баяндама жасау қажет, ал сенің дайындығың жеткіліксіз	Өміріндегі немесе отбасындағы кез-келген күтпеген өзгеріс	Зерігу немесе тым көп істермен айналысу
Сақтық шаралары қолданылмаған жыныстық қатынас	Өзің қаламаған жыныстық қатынасқа мәжбүрлеу	Жолдастарың қолданатын тілді жеткілікті түрде менгере алмау
Өзіңе тым жоғары немесе тым төмен талаптар қою	Өз мүмкіндіктерінді төмен бағалау	

Сен үшін қандай жағдайлар стресс тудыратынын анықтап, олардан мүмкіндігінше аулақ болуға тырыс. Тым болмаса сондай жағдайларға қарсы тұруға неғұрлым тиімді тәсіл тапқанша аулақ бол.

## Денең стресске қалай жауап қайтарады?

Денеңнің стресске қайтаратын жауаптары алуан түрлі болады. Олардың физикалық белгілеріне келесілер жатады:

### Ең жиі кездесетін белгілер:

- Бастың ауруы
- Іштің ауыруы
- Иық пен арқаның ауыруы
  - Жүректің қатты соғуы
- Кіші дәретке жиі баруды қажетсіну
- Тәбеттің жоғалуы немесе артық тамақ ішу
- Ұйқының бұзылуы

### Мүмкін болатын басқа белгілер:

- Бұлшық еттің ширығуы
- Ұйықтап жатқанда тіс қайрау
- Алақанның терлеуі
- Терінің қызаруы немесе онда қызыл дақтардың пайда болуы

Сондай-ақ, стресс қамығы және мазасыздану сезімдерін туғызуы мүмкін, соның салдарынан адам ұйықтай алмайды, немесе түні бойы жиі оянады, немесе қорқынышты түстер көреді.

Адамның қандай сезімді басынан кешіріп жатқанын кейде оның мінез-құлқынан немесе сөздерінен байқауға болады. Кейбір адамдар сезімдерін қиналмай жеткізе алады. Ал енді біреулері түйік, ұстамды немесе үялшақ болып келеді. Бұған қоса барлығымыз түрлі сезімдерімізді білдіре алатын ым-ишарат, бет және дене қимылын қолданамыз.

## **Дағдарыс дегеніміз не?**

Дағдарыс – кенеттен, әдette, мұлдем күтпеген жерден түйікқа тірейтін жағдайлар мен оқиғаларға жауап қайтару.

Дағдарыстың көпшілігі өткінші болады, бірақ олардың салдары бірталай уақытқа созылуы мүмкін. Дағдарыс тікелей өзіне қатысты болуы мүмкін немесе өзгелер арқылы саған қатысы болуы мүмкін, бірақ аталған екі жағдайда да ол саған әсерін тигізе алады.

Дағдарыс қауіп-қатер де тудыра алады, сондай-ақ, өзгерістердің орын алуына мүмкіндіктер де тудыра алады. Дағдарыс үнемі стресске әкеп соғады, ал кейде тіпті жаныңды ауыртады. Дағдарыс барлық адамдардың басынан өтеді.

Жеке бастың дағдарысы келесі жағдайлармен байланысты болуы мүмкін:



Алғаш рет дағдарысты басыңнан кешірген кезде бойыңды үрей билеп, сасқалақтау сезімі пайда болуы мүмкін, барлық сезімдеріңен кенеттөн айырылып, жан-дүниен қаңырап бос қалғандай сезінуің мүмкін немесе тұла бойың мұздап сала беруі мүмкін. Жақсы дайындалған болсан да, бақылау немесе емтихан кезінде сұрақтарға жауап беру немесе ойыңды жинақтау саған қындық болуы мүмкін.

Жергілікті, үлттық және халықаралық дағдарыстар (мысалы, зілзала немесе өзге сұрапыл табиғат апаттары, соғыс, лаңкестік, т.б.) оларға тап болған адамдардың жеке басының дағдарысына айналады, сонымен бірге, орын алған оқиғаға қатысы жоқ басқа адамдарды да құйзелтуі мүмкін.

Мұндай стрессті еңсерудің тиімді тәсілі - жағдайды бірлесіп талқылау, қажет болған жағдайда, не істеуге болатыны тура-лы бірлесіп шешім қабылдау, мысалы, зардап шеккендерге көмек көрсету үшін киім немесе ақша жинау.

### **Мен стрессті немесе дағдарысты қалай жеңе аламын?**

Өз сезімдеріңді басып тастама және ішінде сақтама, керісінше, олар туралы басқа адамдармен сөйлес. Бұл сөзсіз көмектеседі, мәселелер саған бұрынғыдан қыын және шешілмейтін болып көрінбейді. Достарың мен отбасыңның тарапынан көрсетілетін қолдау барынша маңызды. Басқа адамдар кейде мәселені мүлдем бөлек қырынан көрсетіп, оның шешімін табуға көмектеседі.

Дағдарысты үнемі дерлік жеңуге болады, әрі ол міндетті түрде біtedі. Дағдарыс көп жағдайда жеке тұлға ретінде өсуге және өмірлік тәжірибе жинауға көмектеседі, сонымен қатар, басқа адамдардың басына түскен қындықтарға түсіністікпен қарауға үйретеді. Есінде болсын, дағдарыс ешбір адамды айналып өтпейді, ал сенің жинаған тәжірибен өзіңе және айналаңдағы адамдарға көмектесе алуы мүмкін.

**Достар мен отбасы мүшелерінің тарапынан көрсетілетін қолдаудың көмегі зор. Оларға өз сезімдерің туралы айтып бер. Кейде маманның көмегі қажет болады.  
Соңғы беттегі байланыс мәліметтерін пайдалан.**

## 4-БӨЛІМ: ДЕПРЕССИЯ ЖӘНЕ СУИЦИД ТУРАЛЫ ОЙЛАР

**Депрессияда жүргеніңді қалай анықтауға болады?**

Әдетте, депрессия кезінде төменде көрсетілген белгілердің бірнешеуі байқалады:



Аз тамақ  
ішу немесе  
артық тамақ  
жеу

Өмір сүргісі  
келмеу  
туралы ойлар

Ашуашаңдық

Көңіл бөлуде  
немесе зейін  
қоюда қиналу

Әдеттегі мұңаю, көңіл-күйдің болмауы немесе аздап  
жабырқау жағымды оқиғалардың әсерімен  
тез өтіп кетеді.  
Ал, депрессия - кем дегенде екі аптаға созылатын,  
терен үайымға тоғытатын күй.

## Өзінді ешкімге қажетсіз немесе үмітін үзілгендей сезінесің бе?

Сен өзінді ешкімге керексіз, жалғыз қалғандай, саған ешкімнің көмектесе алмайтындағы сезінуің мүмкін. Болашаққа артқан үміттеріңнен құдер үзіп, енді өмірінде ешқашан бақытты сәттер болмайтындағы көріні мүмкін. Кейде жабырқап жүрген адамдар енді «еш нәрсенің мәні қалмады» деп есептейді. Олар өздерін басқаларға қарағанда ұсқынсыз, ақымақ және қабілетсіз санайды.

Стресстен, депрессиядан немесе дағдарыстан құтылу үшін адамдар кейде ішімдік пен есірткіге үйір бола бастайды. Бұл аз ғана уақытқа женілдік сезімін сыйлауы мүмкін, бірақ, түптеп келгенде, ол стресс пен депрессия сезімін одан сайын терендейте түседі.

Егер сен өлім немесе өз-өзіне қол жұмсау туралы жи ойлайтын болсан, бұл сенің ауыр депрессия сезімінде жүргеніңді білдіруі мүмкін, сондықтан, саған тезірек көмек сұраған жөн.

Кітапшаның соңғы бетінен саған көмектесе алатын адамдармен байланысу мәліметтерін тауып ал.

Депрессиядан құтылғанда депрессия белгілері, жағымсыз ойлар мен шарасыздық сезімі толығымен жойылады. Бөгелме. Бірден көмек сұра.

**Депрессия – сусамыр (диабет) немесе жүрек ауруы сияқты сырқаттың бір түрі, оны емдеу қажет.**  
**Соңғы беттен кімнен көмек сұрауға болатынын тауып ал.**

## **Депрессия қаншалықты жиі кездеседі?**

Көптеген жасөспірімдер депрессиядан және психикалық денсаулықтағы басқа да ақаулардан азап шегеді.

Психикалық денсаулықтағы ақаулар өте жиі кездеседі, кейде шұғыл жәрдем көрсетуді қажет етеді, бірақ қандай жағдайда болмасын, бұл сырқат емделеді.

Психикалық денсаулықтағы ақауларды ерте анықтау және уақытылы көмек көрсету кішкентай ақауды үлкен ақауға айналмай тұрып шешуге мүмкіндік береді.

Эмоционалдық және психикалық ақаулар тудыратын сырқаттарды емдемесе, олар адамның бүкіл өмірін ойрандайды, отбасының шырқын бұзады, армандарын қүйретеді.

Егер адам қатты жабырқап жүрсе, оған ем қажет, емдік шараларға әңгімелесу (психикалық ем немесе когнитивтік (таннымдық) ем) немесе дәрі-дәрмек арқылы емдеу кіруи тиіс.

Сен әрқашан көмек ала аласың. Соңғы бетте саған көмек бере алатын адамдармен байланысу мәліметтері көрсетілген.

**Өмірдегі дағдарыс, стресс, депрессия және/немесе өз-өзіне қол салу туралы ойлар кез-келген адамның басына келуі мүмкін. Сен әрқашан көмек ала аласың. Осы кітапшаның соңғы бетін қарап, қайдан кенес және көмек алуға болатынын біліп ал.**

## **5-БӨЛІМ: ДОСЫҢ ҚИЫНДЫҚҚА ТАП БОЛСА, ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСУГЕ БОЛАДЫ?**

Досың өзі тап болған қыындықтары туралы ешкімге айтпауды сұрағандықтан ғана сен үндемейтін болсаң, немесе ересек адамдардан көмек сұрамайтын болсан, сен досыңа көмектеспейсің. Негұрлым ертерек көмек сұраған абзал.

### **Досыңың көмекке мұқтаж екенін қалай білуге болады?**

Жаны жабырқап жүрген досың:

- ➔ Жалғыз жүргенді артық көруі мүмкін
- ➔ Қөніл-күйі құрт өзгеріп отыруы мүмкін
- ➔ Әдеттен тыс қуанышты, немесе қөнілсіз, немесе тым ашу-ланшақ болуы мүмкін
- ➔ Тамақтану әдеттерінде айқын өзгерістер байқалуы мүмкін
- ➔ Достарымен қарым-қатынаста қыындықтары тууы мүмкін: жаңа дос таба алмауы мүмкін немесе бұрынғы достарымен қарым-қатынасын сақтай алмауы мүмкін
- ➔ Оқудағы үлгерімінің нашарлауы анық байқалуы мүмкін
- ➔ Басына түскен қыындықтарын шеше алмауы мүмкін және күнделікті істерін атқара алмауы мүмкін
- ➔ Қайта-қайта өзге адамдардың құқықтарына қол сұғуы мүмкін
- ➔ Белгіленген ережелерге қарсы шығуы мүмкін, қойылған талаптарды орындауы және/немесе сабактан жиі қашып кетуі мүмкін
- ➔ Үрлік немесе бұзақылық жасауы мүмкін
- ➔ Жиі ашу шақыруы немесе ызақор болы кетуі мүмкін
- ➔ Өзіне зиян келтіруі мүмкін немесе зиян келтіретін мінез-құлышқа бейім болуы мүмкін

- ➔ Ишімдік ішуі және/немесе есірткі қолдануы мүмкін
- ➔ Өзін-өзі тым жоғары бағалауы мүмкін және/немесе шамадан тыс белсенді болуы мүмкін
- ➔ Адамды мезі ететін, қайталана беретін мінез-құлық немесе қылыш көрсетуі мүмкін, мысалы, қолын қайта-қайта жуа беруі, әлденені қайта-қайта тексергіштей беруі мүмкін

Жаңы жабырқап тұрған досың келесілерді айтуы мүмкін:



## **Не істей керек?**

Досың өзінен стресс немесе дағдарыс кешіріп жүрсе немесе оның бойынан депрессия белгілері байқалса, оны мұқияттыңдаған маңызды.

Көбінесе адам бойындағы өзгерістерді бірінші болып доста-ры байқайды. Тыңда, бақыла, бірақ тым көп сөйлеме: адай бол және кеңес беруге асықпа. Басқа бір досыңдан немесе ересек адамнан қолдау сұра.

Ұмытпа, әрдайым маман көмегіне жүгінуге болады, бірақ осындай көмекке жүгінуге досыңды көндіруге тырысу қыны болуы мүмкін.

Соңғы бетте ақыл-кеңес алу үшін қайда және кімге бару керек екені туралы және қайдан көмек алуға болатынын айтып бере алатын адамдар туралы мәлімет көрсетілген.

## 6-БӨЛІМ: КІМНЕҢ КЕҢЕС ЖӘНЕ КӨМЕК СҰРАУҒА БОЛАДЫ

Өзің, досың, ағаң не інің, әпкең не қарындасың, не сіңілің немесе отбасыңың басқа мүшесі үшін көмек сұрау – өте маңызды іс.

Сенің психикалық денсаулығың физикалық денсаулығың сияқты өте маңызды.


Психикалық денсаулықтағы ақаулар өте жиі кездеседі.

Аталмыш ақаулар ойдан шығарылған емес, олар жан ауыртарлық, әрі кейде тым құрделі болады. Психикалық, денсаулықтағы ақауларды анықтауға және олардан құлантаза айықтыруға болады. Көмек әрқашан қолжетімді. Сен өзіңе, досыңа немесе отбасыңың мүшесіне көмектесе алатын адамдардың көмегіне жүгіне аласың.

Егер сен кеңес немесе көмек алуша қандай да бір қыындыққа тап болсан, егер тиісті маманмен тікелей байланысқа шыға алmasаң, ұялсаң немесе сенімсіз болсаң, соңғы бетте көрсетілген электронды поштаға хат жолдай аласың немесе сонда көрсетілген телефон нөміріне қоңырау шала аласың. Мамандар саған не істеу керек және кімге бару екенін айтып береді.

Дәрігердің, психологтың, кеңес берушінің немесе әлеуметтік қызметкердің қабылдауына жазылу үшін соңғы бетте көрсетілген медициналық мекемеге немесе психологиялық көмек көрсету қызметтеріне қоңырау шал. Ондағы мамандар сенімен туындаған қыындықтар туралы әңгімелесіп, одан шығатын ең жақсы жолды табуға көмектеседі.

Сен, сонымен қатар,  
досың қыындыққа  
тап болып, сен  
оған көмектескің  
келсе, көрсетіл-  
ген телефон  
нөміріне неме-  
се электрон-  
ды поштаға  
қоңырау  
шала аласың  
немесе хат  
жолдай  
аласың.



Егер қандай да бір себеппен осы  
кітапшада көрсетілген байланыс  
мәліметтері арқылы көмек ала алмасаң,  
басқа адамдардан көмек сұра.  
Ең бастысы – берілме!

**Осы бетке медициналық қызметтермен  
байланысу мәліметтерін жазып қой:**

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

**Осы бетке қажетті маманмен хабарласып, көмек алуға жәрдемдесетін адамдармен байланысу мәліметтерін жазып қой:**

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

**Осы бетке денсаулығынды нығайтуға  
көмектесетін әртүрлі жергілікті үйірмелермен,  
секциялармен және ұйымдармен байланысу  
мәліметтерін жазып қой:**

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---



Егер сенде бір қыын жағдай туындаса,  
кеңес немесе көмек қажет болса,  
саған жастар денсаулық  
орталығында әрдайым қолдау көрсетеді.

Ұялы немесе кәдімгі телефоннан

**8-800-080-22-26**

Қоңырау шалу тегін,  
немесе skype: mcz\_orda қоңырау шал.  
Және де жастар денсаулық орталығына кел.  
Мекенжайымыз: Қызылорда қ., Төле би к. 36А  
Тел.: (7242)27 01 65, (7242)27 01 76  
Веб-сайт: [www.mczorda.kz](http://www.mczorda.kz)



**Балалар мен жастарға арналған  
тәулік бойы жұмыс істейтін  
150  
СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ.**

Егер өзіңе немесе достарыңа кеңес керек болса,  
қыын жағдай туындаса әдеттегі (ұялы емес)  
телефоннан 150 нөміріне қоңырау шал.

Саған кез келген уақытта өзінді тыңдалап, қолдау көрсететін,  
не істеу керектігін айтатын психологтар жауап береді.

Қоңырау тегін, құпиялыштықына кепілдік беріледі.

Біз әрқашан біргеміз – саған тек қоңырау шалу қажет!

РППНГО және ЮНИСЕФ-тің қолдауымен ҚР ДСӘДМ,  
ҚР БФМ және ҚР ІІМ бірлескен бүйреки аясында дайындалған.